

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

III том

Алматы
«Қазақ университеті»
2015

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, өдебиеттану және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі жөнен

Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған

(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жасындағы

Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (торага), Ө. Әбдіманұлы, З. Бисенгали, Т. Есембеков,

А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарап,

А. Темірболатова, Ж. Тілеуов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының жетекшісі), И. Әзімбаева (жауапты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Қ.Қ. Мәдібаева**

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Жауапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ө. Әбдіманұлы**

А 13 **Абайтану. Таңдамалы еңбектер. III том. Ойлар мен толғаныстар /**
құраст, түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ
әділ; жауапты ред. Ә. Тарап; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Ал-
маты: Қазақ университеті, 2015. – 272 б.

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1284-2 (III том)

Абайтану ғылыми бойынша жарық көріп отырган таңдамалы еңбектер басылымы Қазакстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбіштулұ Назарбаевтың «Абай туралы сөз» толғауымен ашылған. Үшінші томға абайтану саласында 1960 жылдан 1980 жылға дейін жарық көрғен, уақыт сыйынан еткен, ғылыми қауым мен көпшіліктен лайықты бағасын алған зерттеулер мен макалалардың таңдамалылары енген. Кітап орта мектептің жогары синапті оқушылардың жогары мектептеге білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мемдениет мамандарына, мемлекет қызметкерлеріне, сондай-ак қалың көпшілікке арналған.

III томға енген таңдамалы еңбектер елдің ынтымағы мен бірлігінін нығайына, интеллектуалдық, олеуетінің артуына, қоғамдық сананың дамуына ықпал етеді. Том «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәннардың зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1284-2 (III том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жасындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015

ӨЛЕҢ ӨРНЕКТЕРИ

Абай қазақ поэзиясының өлең өрнектерін дамытып, байытуға зор үлес қосты дегенді үнемі айтып жүрміз. Ұлы ақынның осы салада тындырыған еңбегінің көлемі, мән-мағынасы шексіз зор екенін жоғарыда келтірілген әр түрлі мысалдардан-ақ көруге болады. Бұл тұста атап айтатын, есте сактайтын нәрсе – Абай жана өлшем, шумақ, ұйқас түрлерін орнықтырудың қандай асқан өнерпаздық көрсетсе, бұрыннан белгілі көп тараған өлшем-өрнектерді керек жерінде қырнап, өндеп, түрлендіріп, мейлінше мол пайдалану жағынан да соншалық зор өнегелі іс атқарды. Ол туралы біз осы еңбектің әр жерінде ай-тып келдік. Бұл жерде біз қазақ поэзиясына Абай тыннан қосқан өрнектердің басты-бастыларына токталып өтпекпіз.

Сырмақ қып астына
Байының токымын,
Отының басына
Төрінің қоқымын
Бұксітіп,
Бықсытып
Қоқсытып келтірді.
Осының берімен
Көнілінде міні жоқ,
Жұзинің нағі мен
Бойының сыны жоқ.
Бұкшип,
Сексиip,
Тұксип өлтірді.

Осындағы алты буынды тармақтар түгелдей үш буынды қос бунақтан құралса, қысқа тармақтар үш буынды болып келген. Бұдан біз осы өлең түрінің қазақ өлеңі құрылышының өзгешелік қалпын берік сақтап, поэзияда орныққан өрнектер негізінде өріліп шыққанын көреміз.

Қысқа тармақтардың ыргағын айқындағы тұсу үшін Абай бұксітіп–бықсытып–қоқсытып, бұкшип–сексиip–тұксип деген

сөздерді үйлестіріп, үш буынды тармақтармен келесі алты буынды тармақтың бастапқы бунағын да ұйқастырып қойған. Етістіктен жасалған сипаттама сөздер өзінің нақтылы мағынасы, әсерлі суреттілігімен де назар аударады. Өлең ырғағын шығарманың мазмұнына байланысты алты қарасақ, осындағы ұзынырақ (алты буынды) тармақтардың соңында үш буынды ырғақтың айқын естіліп, оқшауланып шығуы, қайталануы айтылатын ойдың кекесін, сықақ, ажуага толы мәнін ашып көрсетуге орайлы.

«Көр болды жаным» атты өлеңінің де ырғағы, шумағы өзгеше құрылған:

Сайрай бер, тілім,
Сарғайған соң бұл дерттен.
Бүгілді белім,
Жар тайған соң әр серттен.
Камырықты қоңіл,
Қайтсе болар женіл?

Шумақ ішінде бес, алты, жеті буынды тармақтар белгілі ретпен келіп отырады. Бұл – оның негізгі ерекшелігі. Ал тармақтарды бөлек алсақ, бес буындысының өрнегі 3 буын + 2 буын болып келеді. «Сегіз аяқтағы» бес буынды тармақтар да сондай. Бұл ырғақ мақалдарда кездеседі. Алты буынды тармақтардың өрнегі 4 буын + 2 буын. Бұл да мақалдарда, қысқа өлеңдерде ұшырасады. Ал жеті буынды тармақтар мол тараған (4 буын + 3 буын) өрнектен құрылған. Тек алғашқы шумақтағы бір тармақ қана 3 буын + 4 буын болып келеді.

Абайдың өзгеше ырғағы, шумағы, ұйқасы бар өрнек тудырған бір өлеңі – «Сен мені не етесін?».

Сен мені не етесің?
Мені тастап,
Өнер бастап,
Жайыңа
Және алдап,
Арбап,
Өз бегіңмен сен кетесің.
Нег(е) ауре етесің?

Косылышпай,
Басылышпай,
Байыңа
Және жаттан
Бай тап, –
Өмір бойы қор етесің.

Бұл – қазақ поэзиясында да, Абай жасаған өлең өрнектердің ішінде де оқшау тұрған туынды. Дауыс толқынының еркін құбылып отыруына мейлінше сәйкестендіріліп құрылған осы өлшемнің басты ерекшелігі мұнда ұзынды-қыскалы, көлемі жағынан бірінен бірі аумайтын екі бөлшектен тұратын болғандықтан, алғашқысын талдаң көру жеткілікті. Мұнда бір алты буынды, бір сегіз буынды тармақ бар екенін көреміз. Төрт буынды тармақ – үшеу. Бұларға қоса бірі үш буынды және бірі екі буынды екі тармақ және бар. Әркайсысы әркелкі осынша тармақтардың бір шумақта қалай жанасып, сыйысып, бірігіп тұрғаны танғаларлық-ақ нәрс! Осы әр түрлі тармақтардың шашырамай, жымдасып тұруының, шумақтың шұбалан қөрінбей, бас-аяғы жинақы болып, тұтастығы айқын сезілүнің сыры неде?

Шумақтағы ең көлемді тармақтар – екі алты буынды тармақ пен екі сегіз буынды тармақ – құрылышы жағынан сабактас: соңғы бунақтары үш буынды. Осы төрт тармақ бірыңғай үйлесіп және бұлардың ұйқасы шумақтағы ұйқастың негізгі желісін құрап тұр. Шумақтың бір тұтастығын арттыруға мұның да себі бар. Үш буынды екі тармақтың соңғы бунағы үш буынды тармақтармен ырғагы жағынан жанасатыны сезсіз. Ал төрт буынды тармақтар – алтай. Қайталанып отыратындықтан, қатар тұрғандары өзара ұйқасатындықтан, олардың ырғагы да күшті сезіледі. Мәселе олардың көлемі, құрылышы өзгеشه тармақтармен орайлас келуінде. Ақырында қос буынды екі тармақ та өз орнын тауып койылған, олар бір-бірімен және кейде алдындағы төрт буынды тармақпен ұйқасып отырады. Бұл өрнекті Абай басқа шығармаларында қолданбайды. Тегінде осы тәрізді құрылыш-бітімі бөлекше өлең өрнегі өзінің ретті жерінде ғана пайдалануға лайық, сондықтан өте сирек кездеседі.

Абай поэзияға енгізген осы өрнектің сөйлеу интонациясына бейімделіп жасалған қазақ әдебиетіндегі алғашкы үлгінің бірі екенін атап айтуда керек. Такпақ өлеңдерде, ауыз әдебиетінің кейір басқа нұсқаларында осыған негіз боларлық ыргак-өлшемдер кездескенімен, бұл өлең сонының талас туғызыбауға тиіс.

Қазақ поэзиясындағы Абай тыңнан қоскан өлең өрнектерінің ішіндегі ең қурделі және жарасымды жасалғаны – «Сегіз аяқ».

Мұхтар Әуезов Абай поэзиясындағы осы үздік көркем туындыны аса жоғары бағалап: ««Сегіз аяқ» – ұлы ақынның жазушылық енбегінің орта тұсында туған үлкен бір белдей әрі мол, әрі бар жағынан көркем келісті шыққан зор шығарманың бірі»¹, – деп жазды. Өлеңнің кестесін «бұрын ешкім таппаған қыын үйқасты шебер түр»², – деп сипаттады.

Алыстан сермен,
Жүректен тербен,
Шымырлап бойга жайылған,
Киуадан шауып,
Кисыныш тауып,
Тағыны жетіп қайырган,
Толғауы тоқсан қызыл тіл,
Сойлеймін десен өзің біл.

Осы шумақты бес буынды тармақтар мен сегіз буынды тармақтар белгілі ретпен кезектесіп келіп отыратынын көреміз. Бірақ басқа шумақтарда сегіз буынды тармақтың орнына жеті буынды тармақ тұсуі де ықтимал. Бунақ кестесі 3 буын + 2 буын + 3 буын болып келетін сегіз буынды тармақ пен бунақ өрнегі 4 буын + 3 буын болып келетін жеті буынды тармақ жыр өлшемінде де, шумақты өлеңдерде де еркін алмасып түссе беретіні белгілі. «Сегіз аяқтарға» жеті, сегіз буынды тармақтардың бунақтық кестесі де дәл осындей.

Мысалы, жырда:

Атаңның /аты/ кім болар?
Анаңның /аты/ кім болар?

¹ М. Әуезов. Абай Құнанбаев. – Алматы, 1967. – 136 б.

² Бұл да сонда. – 137-б.

Айтып кеткін, /қарагым,
Қандай жаман /кун болар.

Мұнда алғашқы екі тармақ 3 буын + 2 буын + 3 буын болып құралса, соңғы екі тармақ 4 буын + 3 буын болып келеді.

«Сегіз аяқта»:

Толғауы / тоқсан / қызыл тіл,
Сейлеймін / десен / өзің біл.

Немесе:

Бойда қайрат, /ойда көз,
Болмаған соң, /айтпа сөз.

Мұнда да бастапқы екі тармақтың кестесі 3 буын + 2 буын + 3 буын болса, кейінгі екі тармақтың құрылышы 4 буын + 3 буын болып келеді.

Енді жеті, сегіз буынды тармақтардың бес буынды қысқа тармақтармен алмасуына келсек, бұл өлеңнің ырғағын түрлендіре түседі. Бұл жерде біз екі қысқа тармақтың олардан ұзынырақ бір тармақпен қосылып, үшеуден топтасатынын ескеруіміз керек. Және екі қысқа тармақтың өзара жанасу, жымдасуы олардың өзінен ұзынырақ тармақпен бірігуіне қарағанда әлдеқайда күштірек болатынын түсіну қын емес. Соңдықтан шумақтың ырғактық құрылышы жағынан қарағанда, екі қысқа тармақпен бір ұзын тармақ қатарласып (қарсы келіп) тенесу ынғайы да сезіледі. Оған қосымша себеп – бұл үш тармақ шумақтың жеке бір бөлшегін құрайтындықтан, соңғы сегіз (не жеті) буынды тармақтан кейін дауыс толқынында айқын кідіріс (пауза) болады. Сонымен бірге, егер бес буынды екі тармақтың сегіз буынды тармақпен қосылып келетін кезін алсақ, шумақтың осы бөлшегін ырғактық ерекшелігі жағынан басқаша қарастырып, түсінудің де реті бар. Айталық:

Алыстан /сермен/
Жүректен /тербел/

Шымырлап /бойга/
Жайылған...

Бұлай қарағанда бірынғай келген бес буынды ырғактардың қатары үш буынды қысқа тармаққа келіп тынып тұр деуге болар еді. Немесе, басқа бір қырынан келсек, бес буынды тармақты сегіз буынды тармақтан, сегіз буынды тармақтың соңғы бунағын алып тастап, қыскартқан шолақ түрі деуге де болар еді. Әрине, сегіз буынды тармақ та, жеті буынды тармақ та біртұтас өлең жолы, оларды тек шартты турде болмаса, бөлшектеп қарауға болмайды. Мұндай бөлшектеп қарастыру олардың құрылыш-бітіміндегі бірлік-ұқастықты, жалғастықты түсініп білу үшін ғана қажет. «Сегіз аяқтың» шумағындағы тармактарды өзіндік дербестік сипаты бар үш топқа бөлуге болады.

Ауырмай тәнім,
Ауырды жаңым.
Қанғыртты, қысты басымды.
Тарылды көкірек,
Қысылды жүрек,
Ағызды сығып жасымды.
Сүйеніп күлкі, тоқтыққа,
Тартыпты өнер жоқтыққа.

Алғашқы үш тармақ бөлектеніп тұрганымен, ырғағы дауыс толқынының өзгеру, тынуы жағынан алғанда толық тиянақты емес. Тек осы алғашқы үш тармақтың құрылышын, ретін айналтпай келесі үш тармақтың соңында ғана ырғақ, интонация болатынын көреміз. Осы екі топтағы үш тармақтан құралған шумақтың екі бөлшегінің арасын ажыратып тұрған да, оларды жақындастырып тұрған да – ырғактың құрылыш-өрнегінің толық ұқсас болып, бірін-бірі түгелдей қайталайтындығы.

Соңғы екі тармақтың шумақ өрнегін толықтыру, түрлендіруде мәні ерекше зор. Мұндағы жеті (сегіз) буынды тармақтар алдыңғы екі топтағы соңғы тармактардың құрылыш өрнегін қайталап, олардан өріліп шығатыны байқалады. Бірақ бұл екі тармақ шумаққа мұлде жаңаша сипат береді. Шумақ бұл соңғы бөлшексіз тек бірін-бірі қайталайтын үш тармақты топтардың тізбегі болып қана қалар еді.

Соңғы екі тармактың дербестік сипатын арттыратын – олардың синтаксистік құрылышы, мағынасы жағынан бөлекtenіп тұрғандығы. Мұнда көбінесе шумақтағы ойды түйіндеп, қорытындылайтын, нақыл сөз секілді тұжырым пікір айтылып отырады. Мысалы:

Бойда қайрат ойда көз,
Болмаған соң айтпа сөз.

Еңбек қылсаң ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.

Ойнаспы қатын болса қар,
Аңдыған ерде қала ма ар?

Баяғы жартас – бір жартас,
Қанқ етер, түкті байқамас.

Моласындаі бақсының –
Жалғыз қалдым – тап шыным.

Бұлардың мағынасы жағынан дербес, тиянақты екенін олардың көбі мақал, нақыл сөз түрінде кең тарап кеткенінен де айқын байқауға болады. Жалпы алғанда «Сегіз аяқтың» өте шебер өрнектелген ырғактық құрылышы терен ойлы лирикалық өлеңге лайықталып жасалған.

Шумақтың ырғағына дауыс толқынының өзгеру ретіне үйқас әбден сәйкес келіп отырады. Үйқас кестесі – аабввбгг. Шумакта төрт түрлі үйлесім белгілі ретпен аРАЛАСЫП келеді. Және үйлестен тыс қалатын бірде бір тармақ жоқ. Осының өзінен-ак ақынның үйқасты шумақ өрнегін ұстартып, жетілдіре түсудегі аса қажет құрал етіп, түрлендіріп пайдалануға қаншалық зор мән бергенін аңғарамыз. Мұндай бір шумакта төрт үйлесім қатар алынатын өрнек казақ поэзиясында Абайдан бұрын болған емес. Бірақ әңгіме үйқастың әр түрлі келіп, сан жағынан көп болуын айтумен ғана бітпейді. Олардың шумақтағы кезектесу реті ұтымды екенін ерекше атап кету де қажет.

Қатар келетін қысқа тармақтар егіз үйқаспен үйлеседі. Бірақ қысқа тармақтардың егіз үйқасы шумақтың алғашқы

бөлшегінде бір түрлі де, екінші бөлшегінде екінші түрлі. Бұл да орынды. Үш тармақты екі бөлшекті жанастырып, біріктіру үшін соңғы тармақтардың үйлесуі әбден жеткілікті. Қысқа тармақтардағы егіз ұйқастың екінші рет қайталанбауы ырғақ, интонацияны барынша оралымды, икемді ету талабынан туған. Соңғы екі тармақтың да үйлесі – егіз ұйқас. Бірақ ұзын тармақтардың ұйқасы әр шумақта әр түрлі болғандықтан әсерлі шығады. Ұйқас туралы айтқанда, оның ұнділігі, сапалық жағы ескерілуі керек. «Сегіз аяқта» қысқа тармақтарда үнемі екі буынды ұйқас, ұзын тармақтарда көбіне ұйқас қолданылады. Демек, өлең ұйқасы тармақтағы соңғы бунақты түгелдей қамти алатын болса, ақын осы мүмкіншілікті неғұрлым толық пайдалануға ұмтылған.

«Сегіз аяқтың» өлең өрнегі – ырғағы, шумағы, ұйқасы – өлеңнің мазмұнына, ондағы ой-сезім өзгешелігіне мейлінше сәйкес келеді. Өлең ырғағының әуезділігі, оралымдылығы, өзгеріп, түрленіп отыруға бейімділігі көркем түрді мазмұн байлығына, ой терендігіне үйлестіре білу шеберлігінен туған. «Сегіз аяқтың» өлең түріне тән жарасымдылықты, асқан көркемділік, зор ақындық қуатты, асқан шеберлікті танытады.

«Сегіз аяқ» секілді Абай поэзиямызға тыңнан қосқан өлең өлшемдерінен ақынның қазақ өлең құрылышының өзгешеліктерін, сипат ерекшеліктерін терен түсінгенін көреміз. Абай халық тілінің ырғақ-интонациялық байлығын жақсы сезінді, ең ұтымды ырғақтық өрнектерді талғап, екшелеп алғып, жаңа, ұтымды өлшеулер туғызды. Қазақ тілінің ұнділік, әуезділік сипаттарын толығынан ашып бере білді.

«Сегіз аяқ» өлшемінен Абай бір-ақ өлең жазса да, осы шығарманың маңыздылығы ерекше болғандықтан, сол арқылы-ақ өлеңнің кестесі қазақ поэзиясында берік орнықты. Бірттай ақындар «Сегіз аяқ» өлшемін қолданып көрді. Бірақ, осы күрделі, қыыннан қыыстырылып жасалған өлең өрнегіне сай көркемдік қуаттылық танытқан адам көп емес. Бұл тұста Шекерім, Ахмет Байтұрсыновтың осы өлең өлшемін қолдануы көңіл қоярлық деп айта аламыз.

«Сегіз аяқ» Абайдың ең тандаулы поэзиялық туындысы болатыны – онда ақынның шеберлігіне тән терең ойшылдық, нәзік сыршылдық, керемет суреткерлік – бәрі ұштасып келеді. Ой-толғанысқа толы өлеңнің мазмұнына сай кең тынысты өлшемнің иірімі мол, еркін өзгеріп отыратын, серпінді, ширақ ырғағы, интонациялық әуезділігі айқын көрініс тапқан.

«Сегіз аяқ» өлеңін басталуы бар, шарықтау шегі бар, аяқталуы бар симфониялық поэма түріндегі шығарма деуге болады.

ТҮСІНІКТЕР

1. Марғұлан Ә. Абай көлжазасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 300-304-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Машанов А. Ұлы ұстаз Абай. Баспасөз бетінде жарияланған: Әл-Фараби және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 71-80-беттер; Абай институтының вебсайты.
3. Сүйіншәлиев Х. Абайдың қарасөздері мен нақылдары. Баспасөз бетінде жарияланған: Қазақ әдебиетінің тарихы: окулық. – Алматы: Санат, 2006. – 877-887-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Нұршайықов Ә. Шұтылалы шұмақтар. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 344-355-беттер; Абай институтының вебсайты.
5. Әлімбаев М. Абайдың қайталап оқығанда. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 244-262-беттер; Абай институтының вебсайты.
6. Кирабаев С. Абай – казақ әдебиетінің класигі. Баспасөз бетінде жарияланған: Көп томдық шығармалар жинағы. Т.5. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2007. – 194-200-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Ахметов З. Өлең өрнектері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 205-223-беттер; Абай институтының вебсайты
8. Қабдоллов З. Абайдың ақындығы. Баспасөз бетінде жарияланған: Арна. Зерттеу сын: эссе. – Алматы: Жазушы, 1988. – 9-43-беттер; Абай институтының вебсайты.
9. Кәкішев Т. Абайдың сатирасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 84-90-б.; Абай институтының вебсайты.
10. Нұрқатов А. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. Баспасөз бетінде жарияланған. Мәтін мына басылым бойынша берілді: Шығармалар жинағы. II том. Абайдың ақындық дәстүрі. – Алматы, 2010. – 409-434-беттер; Абай институтының вебсайты.
11. Сахариеv Б. Өппис мұра. Баспасөз бетінде жарияланған: Қурескер тұлғасы: мақалалар мен зерттеулер. – Алматы, 1979. – 222- 229-беттер; Абай институтының вебсайты.
12. Дүйсенбаев І. Абайдың поэмалары мен аудармалары. Баспасөз бетінде жарияланған: Фасырлар сырьы. – Алматы, 1970. – 84-137-беттер; Абай институтының вебсайты.
13. Бердібаев Р. Кеменгерлік келбегі. Баспасөз бетінде жарияланған: Замана сазы: зерттеулер мен мақалалар. – Алматы, 1985. – 1985. – 216-226-беттер; Абай институтының вебсайты.
14. Қожакеев Т. Абай – сатирик. Баспасөз бетінде жарияланған: Таңдамалы шығармалар. Көптөмдүк. IV том. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2007. – 3-29-беттер; Абай институтының вебсайты.

15. Сәтбаева ІІ. Абай және Еуропа халықтары әдебиеті. Баспасөз бетінде жарияланған: Бес томдышқыш шығармалар жинағы. I том. – Астана: Елорда, 2007. – 89-110-беттер; Абай институтының вебсайты.
16. Базарбаев М. Абайдың жаңапылдығы. Баспасөз бетінде жарияланған: Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алматы: Жазушы, 1973; Абай институтының вебсайты.
17. Дербісәлин Ә. Қазақ поэмасының тарихынан. Баспасөз бетінде жарияланған: Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері: мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1976 – 114-153 беттер; Абай институтының вебсайты.
18. Хасенов М. Абай шығармаларындағы сын. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчество: мақалалар жинағы / ред баск.: М. Ақынжанов, З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССР FA, 1954. – 132-142-беттер; Абай институтының вебсайты.
19. Талжанов С. Абай Құнанбаев. Баспасөз бетінде жарияланған: Аударма және қазақ әдебиетінің мәселелері. – Алматы, 1975. – 195-217-беттер; Абай институтының вебсайты.
20. Әбдірахманов Т. Мәңгі жас мұра. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 364-372-беттер; Абай институтының вебсайты.

МАЗМҰНЫ

Марғұлан Ә. Абай қолжазбасы	3
Машанов А. Ұлы ұстаз Абай	8
Сүйіншәлиев Х. Абайдың қарасөздері мен нақышдары	19
Нұршайықов Ә. Шұғылалы шумақтар	33
Әлімбаев М. Абайдың қайталап оқығанда	46
Кирабаев С. Абай – қазақ әдебиетінің классигі	65
Ахметов З. Өлең өрнектері	72
Қабдолов З. Абайдың ақындығы	81
Кәкішев Т. Абайдың сатирасы	101
Нұрқатов А. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы	109
Сахариев Б. Өшпес мұра	129
Дүйсенбаев Ы. Абайдың поэмалары мен аудармалары	137
Бердібаев Р. Кеменгерлік келбеті	154
Қожакеев Т. Абай – сатирик	167
Сәтбаева Ш. Абай және Еуропа халықтары әдебиеті	188
Базарбаев М. Абайдың жаңашылдығы	211
Дербісалин Ә. Қазақ поэмасының тарихынан	221
Хасенов М. Абай шығармаларындағы сын	235
Талжанов С. Абай Құнанбаев	247
Әбдірахманов Т. Мәңгі жас мұра	261
Түсініктер	269

Оку басылымы

**АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
III том
Ойлар мен толғаныстар**

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *K. Мухадиева*
Компьютерде беттеген *Y. Әбдіқайымова*
Мұқабасын безендірген *K. Өмірбекова*

ИБ№8757

Басуга 09.12.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 17,0 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыш. Тапсырыс №1508.
Тараалымы 50 дана. Бағасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.